

мемлекеттік органдар қызметіне сенімін арттыруға бағытталған құқықтық, әкімшілік және ұйымдастырушылық шаралар.

Сыбайлас жемқорлық – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды параға сатып алу.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің өз өкілеттіктері шегіндегі сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою жөніндегі, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру және олардың салдарларын жою жөніндегі қызметі.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелі – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу арқылы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметі.

#### **4 Саясат мақсаттары мен міндеттері**

4.1 Саясат корпоративтік мәдениетті жетілдіру үшін жоғары этикалық стандарттарға сай ашық және әділ жүргізу, корпоративтік басқармасының үздік тәжірибелермен және тиісті деңгейде «Әл-Фараби атындағы қалалық ғылыми-әмбебап кітапханасы» іскерлік беделін сақтау және оның басшылығының адалдығын көрсету.

4.2 «Әл-Фараби атындағы қалалық ғылыми-әмбебап кітапханасы» барлық қызметкерлері осы Саясатты басшылыққа алуға және принциптер мен талаптарды мүлтіксіз сақтауға міндетті.

4.3 «Әл-Фараби атындағы қалалық ғылыми-әмбебап кітапханасы» директоры осы Саясаттың қағидалары мен талаптарын жүзеге асыруына бағытталған бүкіл іс-шараларды ұйымдастыруға жауапты.

4.4 «Әл-Фараби атындағы қалалық ғылыми-әмбебап кітапханасы» әкімшілігі алдына мақсат қояды:

- «Әл-Фараби атындағы қалалық ғылыми-әмбебап кітапханасы» қызметкерлерінің атқаруындағы лауазымына, саласына қарамастан сыбайлас жемқорлыққа қатысу қауіпін азайту, болдырмау;